

aceline

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы

aceline

Aceline СМН-2000

конвекторы

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдарды ұсынуда қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар қамтылған. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз, оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Аспаптың міндеті

Конвектор үй-жайларды іштен жылытуға арналған.

Сақтық шаралары

1. Аспапты қуат көзіне қосар алдында Сіздің үй электр желіңіздің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Жұмыс істеп тұрған конвекторды және Сіз ұйықтап жатқан кезде қараусыз қалдырмаңыз. Конвектордың сөндірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
3. Тұтануды болдырмау үшін тез тұтанатын заттарды (мысалы, перделерді, жиһазды, жастықтарды, төсек жабдықтарын, киімді және т. б.) құрылғының жанына қоймаңыз.
4. Құрылғының жанында немесе оның үстіне қандай да бір заттарды қоймаңыз. Конвекторды жаппаңыз.
5. Құрылғыны тек тік күйінде пайдаланыңыз.
6. Құрылғыны қоректендіру желісінен ажыратқан кезде қолмен айырдан ұстаңыз, электр баусымынан тартпаңыз.
7. Ықтимал өртті болдырмау үшін ауа жинағыш және шығыс тесіктерін еш нәрсемен бөгеп тастамаңыз.
8. Құрылғыны тікелей розетканың астында қоймаңыз.
9. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.
10. Балалар немесе жануарлардың құрылғыға тимейтінін қадағалаңыз.
11. Абай болыңыз: жұмыс істеп тұрған кезде ауа шығаратын тесік қызады.
12. Конвекторды ванна бөлмесінде, душта немесе бассейннің қасында пайдаланбаңыз.
13. Жұмыс істеп тұрған конвекторды тез тұтанатын сұйықтықтардың жанына қоймаңыз.
14. Құрылғыны жүйелі түрде тазалап жүріңіз. Қандай да бір заттардың ауа жинағыш және шығыс тесіктеріне түсуіне жол бермеңіз.
15. Құрылғы жұмысында кез келген іркілістер анықталған кезде оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.
16. Жұмыс істеп тұрған конвектордың үстінде киімді кептірмеңіз.
17. Құрылғыны жылжытқан немесе тазалаған кезде оны сөндіріп жүріңіз.
18. Қуат көзінің баусымы немесе айыры зақымданған құрылғыны пайдаланбаңыз. Қуат көзінің баусымын ауыстыру үшін авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

19. Конвектор балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларға бақылауды жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда.
20. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін конвектормен қатар қуатты электр аспаптарын қоспаңыз.
21. Конвекторды тегіс тұрақты бетте орналастырыңыз.
22. Жұмыс істеп тұрған кезде құрылғының беті қызады. Күйіп қалмау үшін ыстық беттерге қол тигізбеңіз.
23. Құрылғыны тек тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға рұқсат беріледі, ол өнер-кәсіптік қолдануға арналмаған.

Техникалық сипаттамалары

- Моделі: CMH-2000.
- Атаулы кернеуі: 220-240 В, 50 Гц.
- Атаулы қуаты: 2000 Вт.
- Жылыту ауданы: 25 м².

Құрылғының сұлбасы


1. Тұтқа.



2. Термостат реттегіші.
3. Қуат режимдерін ауыстырып-қосқышы.
4. Жарық индикаторы.
5. Кабель бекіткіші.
6. Ауа шығаратын тор.
7. Дөңгелекті аяқшалар.

Құрастыру жөніндегі нұсқаулық

1. Қаптаманың ішіндегі барлық заттарды шығарыңыз.
2. Құрылғыны жұмсақ бетте түбін жоғары қаратып орналастырыңыз.
3. Конвектордың аяқшаларын бұраңдар (жиынтықта бар) көмегімен корпусстың төменгі бөлігіне бұрап бекітіңіз.



Пайдалану

1. Аяқшаларды орнатыңыз, конвекторды тегіс тұрақты бетке қойыңыз.
2. Конвекторды электр желісіне қосыңыз.
3. Жылытудың максималды дәрежесін орнату үшін термостаттың реттегішін сағат тілі бағытымен бұраңыз.
4. Қуат режимдерін ауыстырып-қосқышын «I» (1200 Вт) немесе «II» (2000 Вт) күйіне бұраңыз.

Қызып кетуден қорғау

Сіздің құрылғыңыз қызып кетуден қорғаныспен жабдықталған. Қорғаныс іске қосылған жағдайда құрылғыны сөндіріңіз, оны желіден ажыратыңыз және толық сууға уақыт беріңіз. Конвектордың ауа жинағыш және шығару тесіктерінде бітелу бар болуына тексеріңіз, содан кейін құрылғыны іске қосып көріңіз. Егер конвектор қосылмаса немесе қызып кетуден қорғау жүйесі құрылғыны қосқаннан кейін бірден сөндірсе, авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Құрылғыны өз күшіңізбен жөндеуге тырыспаңыз!

Күту және тазалау

- Тазалар алдында конвекторды электр желісінен ажыратыңыз және сууға уақыт беріңіз.
- Конвектордың бетін алдымен ылғалды матамен, содан кейін құрғақ матамен сүртіңіз.
- Жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Судың конвектордың ішіне түсуіне жол бермеңіз.

Сақтау

- Сақтауға қояр алдында аспапты ылғи сөндіріңіз және толық сууға уақыт беріңіз.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт кезеңі ішінде пайдаланылмайтын болса, оны пайдаланушы нұсқаулығымен бірге түпнұсқа қаптамаға салыңыз және құрғақ желдетілетін жерде сақтаңыз.
- Құрылғының зақымдануын болдырмау үшін ол тұрған қораптың үстіне қандай да бір ауыр заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны шаңды ортада сақтамаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғының сақталуы және тасымалдануы құрғақ жерлерде жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғының өткізілуі ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Бұның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсыруға жатады. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.



Кепілдікті міндеттемелер

Өндіруші осы бұйымға 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдарында, жиынтығында ақаулықтар болмағанына кепілдік береді және бүкіл кепілдік берілген мерзімнің ішінде ақаусыз жұмысына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған шартпен, уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсізінсіз жабдықтың істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Жеке, кәсіби емес пайдалануға арналған бұйымның қызмет мерзімі, пайдалану ережелерін сақтау шартымен, 24 ай құрайды.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Ясун Электрикал Эпплайенс Ко., Лтд.

С#, Цзиньэр тас жолының шығыс жағы, Жуньюй д., Синьпу, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жинақталуы алдын ала хабарламасыз өзгерлуі мүмкін.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

